




Өнірлердегі инфляциялық үрдістер

2021 Сәуір

2021 жылғы сәуірде инфляция 0,9% болды (наурызда – 0,6%). Азық-тұлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы бір айда 1,0%-ға, ақылы қызметтер - 0,5%-ға өсті. Жылдық көрсетуде инфляция өзгеріссіз қалып, 7,0% болды.


Өнірлер бойынша айлық инфляцияның жеделдеуі 13 өнірде, баяулауы 3 өнірде байқалып, 1 өнірде бағаның өсу қарқыны өзгеріссіз қалды. Сәуірде өсу қарқынының ең көп үлғаюы Шымкент қаласында және Маңғыстау облысында байқалды. Жылдық инфляция 8 өнірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Ақтөбе, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарында тіркелді (тиісінше 8,0%, 7,9% және 7,6%).

1-сурет. Өнірлер бойынша инфляция серпіні (2020 сәуір – 2021 сәуір), %-бен




Баға өсүнің жоғары көрсеткіштеріне қарамастан, Ақтөбе, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстары Қазақстан бойынша ТБИ-ге елеулі үлес қосқан жоқ. ТБИ-де ең жоғары салмақта ие Алматы қаласы мен Алматы облысы (тиісінше 1,1 п.т. және 0,8 п.т.) бағаның өсүніне елеулі үлес қости. Осы өнірлерде бағаның өсүі тиісінше 6,4% және 7,0% болды.

2-сурет. ТБИ-дегі өнірлердің салмағы, %-бен үлесі



Дереккөзі: КР СЖРА ҰСБ

3-сурет. ТБИ-ге өнірлердің үлесі, %-бен




Дереккөзі: КР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары жылдық көрсетуде 9,8%-ға (наурызда – 10,7%-ға) қымбаттады. Ең төменгі өсу Нұр-Сұлтан қаласында (7,9%), ең жоғары өсу – Атырау облысында (11,8%) байқалды.

Ел бойынша азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 6,4%-ға (наурызда – 5,6%-ға) есті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының ең жоғары өсуі Маңғыстау облысында (7,6%) және Нұр-Сұлтан қаласында (7,4%), ең төмен өсуі – Павлодар облысында (5,4%) тіркелді.

Елімізде ақылы қызметтер 4,1%-ға (наурызда – 3,7%-ға) қымбаттады, бұл ретте Ақтөбе облысында бағаның өсүі 8,7% болды, ақылы қызметтер бағасынан айтарлықтай төмен Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында есті (тиісінше 2,9%-ға және 3,0%-ға).

4-сурет. Өнірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен



Дереккөзі: КР СЖРА ҰСБ


Азық-түлік тауарларына бағаның өсуі ТБИ-ге ең көп үлес қосуды жалғастыруда. Өткен айда осы топтың баға өсуінің айлық инфляцияға қосқан үлесі (0,9%) 0,41 п.т. (наурызда – 0,32 п.т.) болды, оның ішінде 0,12 п.т. (наурызда – 0,09 п.т.) жемістер мен көкөністер бағасының маусымдық өсуі үлес қости (5-сурет).

Жалпы ел бойынша азық-түлік бағасы 1,0%-ға (наурызда – 0,8%) өсті. Сонымен қатар Шымкент қаласында азық-түлік тауарларының бағасы 1,7%-ға, Маңғыстау облысында және Нұр-Сұлтан қаласында тиісінше – 1,4%-ға және 1,3%-ға өсті.

Өткен айда азық-түлік тауарларының бағасы ең жоғары өскен Шымкент қаласында жемістер мен көкөністер 4,2%-ға қымбаттады, ал Қазақстан бойынша өсу 1,9% болды. Бұдан басқа, Шымкент қаласында жалпы республикалық өсу тиісінше 1,6% және 1,0% болған кезде май мен тоң май (5,4%-ға) және жарма (3,3%-ға) бағасының ең жоғары өсуі тіркелді. Маңғыстау облысында сүт өнімдері (1,8%), атап айтқанда қаймақ (5,0%-ға) және қатты ірімшік (7,5%) қымбаттады.

Жемістер мен көкөністер бағасының Атырау және Шығыс Қазақстан облыстарында тиісінше 4,1%-ға және 3,8%-ға өсуі байқалды. Ет бағасының жалпы республика бойынша 0,8%-ға өсуі болған кезде ең жоғары өсуі Павлодар (2,5%) және Ақмола облыстарында (2,0%) байқалды.


5-сурет. Азық-түлік тауарларының бір айда инфляцияға қосқан үлесі (п.т.)



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ


Маңғыстау және Атырау облысында ауыл шаруашылығы мен тамақ өнімдері өндірісінің тәмен үлесі Ресейдегі бағаның және көлік шығыстары мен ЖЖМ бағасының өзгеруіне байланысты осы өнірлердегі азық-түлік тауарларының бағасына тәуелді етеді.

6-сурет. ҚР өнірлері бойынша ауыл шаруашылығының үлесі, 2020ж. деректер бойынша



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

7-сурет. ҚР өнірлері бойынша азық-түлік өнімдері өндірісінің үлесі, 2020ж. деректер бойынша



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың айлық инфляцияға қосқан үлесі 0,29 п.т. (наурызда 0,22 п. т.) болды. Бір айда бағаның өсуі 1,0% (наурызда – 0,7%) болды. Жалпы респубикалық деңгейден жоғары бағалар Маңғыстау (1,3%), Қызылорда (1,2%), Ақтөбе, Алматы, Атырау, Қарағанды және Қостанай облыстарында және Алматы қаласында (1,1%-дан) өсті.

Азық-түлікке жатпайтын инфляцияның жеделдеуі 3,7% - 7,8% шегінде қымбаттаған бензин бағасының өсуіне байланысты. Қазақстан бойынша бензин бағасы 6,0%-ға артты. Ең жоғары өсу Түркістан облысында, ең төмен өсу Ақтөбе облысында байқалды.

Дизель отыны бағасының жекелеген өнірлерде: Жамбыл облысында (3,3%-ға) және Шымкент қаласында (2,3%-ға) біршама ұлғаюы тіркелді, бұл ретте ел бойынша бағаның өсуі 0,9% болды.

Ақылы қызметтер 0,15 п.т. құрады (наурызда - 0,08 п.т.), бір айдағы бағаның өсуі – 0,5% болды (наурызда – 0,2%). Алматы қаласында қызметтер айтарлықтай (0,8%-ға) қымбаттады.

Жалпы респубикалық өсу - 1,9% болған кезде Алматы қаласында тұрғын үйді жалға алу бағасы айтарлықтай ұлғайды (5,9%-ға). Тұрғын үйді жалдау құнының ұлғаюы Алматы облысында және Шымкент қаласында да байқалады (тиісінше 4,2% және 4,1%).